


«Бекітемін»  
МКҚК №49 «Думан»  
бөбекжай-балабақшасының  
меңгерушісі 



**МКҚК №49 «Думан» бөбекжай-балабақшасының  
2020-2025 жылдарға арналған  
ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

**«Ақтөбе қалалық білім бөлімі»  
мемлекеттік мекемесінің  
№49 «Думан»бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік  
коммуналдық қазыналық кәсіпорыны**

**Кәсіпорынның құрылтайшысы:** Ақтөбе облысының әкімдігі болып табылады  
**Мемлекеттік басқару органы :** «Ақтөбе қалалық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі  
**Қызметті жүзеге асыруды бастағаны туралы хабарлама:** 2016 жылғы 16.03. мектепке дейінгі тәрбие және оқыту саласында қызметті жүзеге асырудың басталуы туралы №KZ85RVK00009724 хабарлама  
**Заңды тұлғаны тіркеу куәлігі:** Тіркеу нөмірі, №2883-1904-НАО-МК. 2021 жылғы 19 қаңтардағы. Бизнес сәйкестендіру нөмері 151140024333. Алғашқы тіркелген күні: 2015 жылғы 27 қараша

**Кәсіпорынның орналасқан жері:** 030005, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Астана ауданы, 11 шағын ауданы, 77 А үй.

**Байланыс телефоны:** телефондар: 460-077 – меңгеруші; 460-076- бухгалтер

**Мектепке дейінгі білім беру мекемесінің ашылған уақыты:** 04.11.2015 жыл

**«Ақтөбе қалалық білім бөлімі»**  
**«№49 «Думан» бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны**  
**даму бағдарламасының**  
**ПАСПОРТЫ**

<b>Құрылтайшы</b>	Ақтөбе облысының әкімдігі болып табылады
<b>Негізі қаланды</b>	2015 жылғы 9 қарашадағы № 4380 қаулысы
<b>Меншік нысаны</b>	Жергілікті бюджет, Республикалық бюджет.
<b>Қызметкерлер саны</b>	54 адам
<b>Қызмет түрі</b>	Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбие.
<b>Бағдарламаның статусы</b>	Бұл бағдарлама мекеменің 2020-2025 жылдарында жұмысына басшылыққа алатын негізгі құжаттардың бірі.
<b>Бағдарламаны құру негізі</b>	«Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс- қимыл кезеңі»- 2020 жылдың 1 қыркүйегіндегі ҚР Президентінің жолдауы
<b>Даму бағдарламасының миссиясы</b>	Тәрбие мен білім сапасын көтеру және қамтамасыз ету
<b>Негізгі міндеттері</b>	Балалардың деңсаулығын нығайту және өмірін қорғау, салауатты өмір салты құндылықтарын қалыптастыру; Толыққанды және уақытылы дамуына жағдай жасау; Адам құқығы мен бостандығын сыйлауға, жоғары мәдениетке, Отаншылдыққа, толеранттылыққа тәрбиелеу. Баланың жеке тұлғасының үйлесімді дамуы, оның қызығушылықтарын қанағаттандыру; «Қазақстан Республикасының тілдері туралы» Заңын жүзеге асыру; Баланың 2-жастан бастап міндетті мектепке дейінгі білімге ауысуына жағдай жасау Оқу тәрбие жұмысының мазмұнын жанарту; Материалдық-техникалық базасын күшейту; Кадрлық әлеуетті көтеру және жетілдіру; Педагогикалық жұмысты балалардың тәртіптік - оқудан, жеке-бағдарланған моделіне тегіс көшу; Отбасымен және баланың әлеуметтік институттарымен ынтымақтастықты енгізу.
<b>Даму</b>	Білім беру процесінің заман талабына сай жүргізу және даму бағдарламасының алға

<p><b>бағдарламасының негізгі межелік бағыты</b></p>	<p>қойған мақсатына жету үшін кедергі келтіретін және жұмысын тежейтін факторларды анықтау.          Бағдарламаны іске асыруда басқарушылық , әдістемелік, тәжірибелік тәсілдерін бөлу.          Мектепке дейінгі ұйымның мақсаттары мен іс-әрекеттерін жүзеге асыруда ресурстық қамтамасыз ету.          Білім беру мекемесінің барлық педагогтарының үздіксіз кәсіби дамуына жағдай жасау.</p>
<p><b>Даму бағдарламасының қысқаша мазмұны</b></p>	<p>*Диагностика-ұйымдастырушылық кезеңі          *Түзету және дамыту кезеңі          *Сараптама-бағалау кезеңі          *Ақпараттық-әдістемелік кезеңі:</p>
<p><b>Тұжырымдамалық жағдайлар</b></p>	<p>Мектепке дейінгі білім беру ұйымының дамуы мен негізгі қызметі мына жағдайларға негізделген:          -баланы жеке тұлға ретінде қабылдау;          -мектепке дейінгі білімнің қол жетімділігі;          -білім сапасы;          -балабақшаның имиджі;          -күзiреттiлiк (кәсiби-педагогикалық);          -балабақша тұлғаларының қоғамда әлеуметтенуі;</p>
<p><b>Даму бағдарламасын жүзеге асыру мерзімі</b></p>	<p>Бағдарлама 2020-2025 жылдары екі кезеңде жүзеге асырылады.          1 кезең-дайындық (2020-2023)          -Іс шараларды сәтті жүзеге асыру үшін даму бағдарламасына сай құжаттама әзірлеу;          - бағдарламаға сай жағдай жасау (кадрлық,материалдық-техникалық т/б);          - білім беру кеңестігінің интеграциялық моделін жасау бағытындағы жұмыстарды бастау;          2-кезең- практикалық кезең (2023-2025жж)          -педагогикалық технологияларды сынау, жаңарту,ұйымдастыру;          - даму бағдарламасына сәйкес іс-шараларды кезең-кезеңмен жүзеге асыру;</p>
<p><b>МДҰ даму бағдарламасының жүзеге асыру</b></p>	<p>Бағдарламада көрсетілген тұжырымдама, идеялар, ережелер келесідегідей жүзеге асырылады;          - Көрсетілген мерзім бойынша;          - Алдыңғы іс-әрекеттерді және нормативтік құжаттарды терең</p>

<b>механизмдері</b>	<p>зерттеу, педагогтардың кәсіби құзіреттілігінің деңгейі мен мүмкіндіктері, тәрбиеленушілердің отбасы жағдайы, жақын қоғамның мәдени-білімдік әлеуетіне талдау жасау;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- педагогикалық кеңесте барлық педагогикалық процеске қатысты адамдарға жеткізу және талқылау, шешім қабылдау;</li> <li>- авторлық, білім беру, дамытушылық бағдарламаларды жүзеге асыру;</li> <li>- білім беру процессінің барлық қатысушыларының белсенділігін арттыра отырып, олардың шығармашылығын ғылыми біліммен, практикалық тәжірибемен интеграциялау.</li> </ul>
<b>Даму бағдарламасын құрастыру және орындаушылар</b>	«Ақтөбе облысының білім басқармасы, Ақтөбе қалалық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№49 «Думан» балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорының педагогикалық ұжымы.
<b>Жүзеге асыру жағдайлары</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>-баланың тұлғасын дамытуға ықпал ету, әрекет түрлерінде оның дербестігін дамытуға бағытталған пәндік-дамытушы орта құру;</li> <li>-әдістемелік және дидактикалық материал тандау;</li> <li>-балалардың даму мониторингі;</li> <li>-педагогтарға арналған түрлі деңгейде теориялық және тәжірибелік семинарлар өткізу;</li> <li>-ата-аналармен бірлескен іс-шаралар;</li> <li>-мектепке дейінгі мекеменің тәрбиеленушісінің сәтті дамыту бағыттарын әзірлеу.</li> </ul>
<b>Күтілетін нәтижелер</b>	<p>5- жастағы балалардың мектепке дейінгі дайындығын толықтай жүзеге асыру;          баланың 2-жастан бастап міндетті мектепке дейінгі білімге ауысуына жағдай жасау;          Жасакталған пәндік - дамытушы орта ұйымдастырылды;          Мектепке дейінгі білімнің оқу методикалық тиімді жүйесі құрылады;          Мемлекеттік білім берудің жалпыға міндетті стандартына сәйкес білім берудің көрсетіштік жүйесі құрылады;          Мектепке дейінгі білім аясында инновациялық қызметті белсендіру;          Білім беру сапасына ата-аналардың қанағаттануын қамтамасыз ету;</p>
<b>Мектепке дейінгі мекеменің басшысының мекен-жайы, телефоны</b>	<p>меңгеруші: Жаулыбаева Дина Жолмурзиновна          телефон: 460-077 – меңгеруші</p>

**МКҚК «№ 49 «Думан» бөбекжай- балабақшасының  
ДАМУ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ**

Соңғы жылдардағы түбегейлі өзгерістер қазіргі заманғы Қазақстандық мектепке дейінгі білім беру жүйесіне ерекше қимыл міндеттер қояды. Бүгінгі күнде негізгі басымдық педагогпен баланың жеке бағдарланған іс-әрекеттері: оның жеке басын, мүдделері мен қажеттіліктерін қабылдау және қолдау, шығармашылық қабілеттіліктерін дамыту және баланы физикалық және эмоционалдық салмақтан қорғау.

**Мақсаты:** Қазіргі заманда, тез дамып келе жатқан әлемде тиімді орныққан, жан-жақты дамыған баланы тәрбиелеу. Балабақшада тәрбиелеу-оқыту үрдісінде жаңа инновациялық технологияларды қолдана отырып, ұлттық тәрбие негізінде тәрбиеленушілердің шығармашылық- танымдық қабілеттерін дамыту.

***Мектепке дейінгі ұйымдарда білім беру процесі мынадай міндеттерге бағытталған:***

- ◆ Баланың жеке тұлға болып дамуына және шынайы дамуына жағдай жасау;
- ◆ жаңа технологияларды, оқыту және тәрбиелеу бағдарламаларын енгізу;
- ◆ ата-аналармен жұмыстың жаңа түрлерін іздеп құру;

Осы бағытты іске асыру үшін іс-шаралар мынадай кезеңдерден тұрады:

◆ **Диагностика-ұйымдастырушылық кезеңі:**

Заманауи материалдық-техникалық базасын құру;

Заманауи пәндік-дамыту қоршаған органы ұйымдастыру;

Балалардың жеке және интеллектуалдық диагностикасы;

Ата-аналарды жеке диагностикалау, сұраныстарын зерттеу;

Негізгі психологиялық және әлеуметтік проблемаларды және білім беру мақсаттары мен жұмысының мақсаты туралы басымдықтарын анықтау.

◆ **Түзету және дамыту кезеңі:**

Дамыту бағдарламаларын, технологияларын, әдістерін іріктеу және балалар мен ата-аналар, жеке және жас ерекшеліктеріне сай оларды бейімдеу;

Педагогикалық ұжыммен жеке және топтық жұмыс;

Балалардың зияткерлік қабілеттері және жеке тұлға ретінде дамыту бойынша жеке және топтық жұмыстар;

Бала-ата-ана, бала-педагог, бала-бала - психотүзету және дамыту жұмыстары тұлғалық қарым қатынас жүйесінде жұмыс жасау.

◆ **Сараптама-бағалау кезеңі:**

Ережелерге сәйкес баланың жас ерекшеліктеріне сай жеке және зияткерлік даму динамикасының бағасы;

Технологиялар, әдістер және бағдарламалар тиімділігін бағалау;

Педагогтарды ата-аналар тарапынан бағалау.

◆ **Ақпараттық-әдістемелік кезең:**

МДҰ білім беру мекемелерінде педагогтарға кеңес беру және шығармашылық семинарлар өткізу;

Педагогтарға арналған пікірталас клубтар;

Ақпараттық кеңестік көмек беруді ұйымдастыру.

**Дамыту тұжырымдамасы үш негізгі функцияларды қамтамасыз ету**

- ◆ мектепке дейінгі ұйымдардың жалпы даму стратегиясын анықтайды
- ◆ жұмыстың басым бағыттарын белгілейді
- ◆ Соңғы нәтежилерге бағыттайды

**« №49 «Думан» бөбекжай- балабақшасының даму тұжырымдамасы бағытталған:**

- ◆ білім беру қызметін реформалау процестерін тереңдету және кеңейту;
- ◆ баланың жеке тұлға болып дамуына оңтайлы жолдарын одан әрі іздестіру;
- ◆ дамыту оқыту идеясына негізделген жеке -бағдарланған оқыту және білімді қолдау;
- ◆ педагогтардың біліктілігін арттыру үшін оқу-әдістемелік жұмыстарын дамыту;
- ◆ басқарудағы мемлекеттік-қоғамдық қызметінің сипатын сақтау;
- ◆ Баланың қызығушылықтары мен жағдайын есепке ала отырып, баланың жеке тұлғасын зерттеуде ата-аналар мен педагогтардың бірдей көзқарастарын қалыптастыру.

**МКҚК «№49 «Думан» бөбекжай-балабақшасы»  
АҚПАРАТТЫҚ АНЫҚТАМА**

МКҚК«№ 49 «Думан» бөбекжай- балабақшасы» -2015 ж бастап жұмыс жасайды. Ақтөбе қаласы, Астана ауданы, 11 шағын ауданы, 77 А үй мекен-жайында орналасқан. МДҰ екі қабатты ғимаратта орналасқан, 230 орындық, жалпы аумағы–3578,5 кв.м., 10 топ жұмыс жасайды,соның ішінде:

<b>Жылы.</b>	<b>Мемлекеттік тілдегі топ саны</b>	<b>Орыс тіліндегі топ саны</b>
2020-2023	7	3
2023-2025	10	0

**Балабақшаның негізгі жұмыс бағыты:** Рухани-патриоттық сана-сезімді қалыптастыру бойынша жұмыстар жүргізе отырып,балаларды өз елінің тарихын білуге, өз елінің кешегі және бүгінгі қаһармандарын мақтаныш тұтуға, олардың ерлігіне тағзым етуге,Отанын, отбасын, табиғатын сүйуге тәрбиелеу.

**Балабақша қызметінің мақсаты:** әрбір баланың жеке тұлға ретінде дамуына қолайлы жағдай жасау, физикалық және психологиялық саулығын нығайту, олардың қызығушылығын ескере отырып, ата-аналардың сауалына жауап беру болып табылады.

**Міндеттері:**

- 1)мектеп жасына дейінгі балалардың дене және психикалық денсаулығын қорғау және нығайту,оларды салауатты өмір салты құндылықтарына бейімдеу;
- 2)мектеп жасына дейінгі балалардың зияткерлік және жеке басының дамуын қамтамасыз ету, олардың ынталарын қанағаттандыру,жалпы адами және ұлттық құндылықтарға бейімдеу негізінде қабілеттерін дамыту
- 3)мектеп жасына дейінгі балаларда бастамашылықты,білімқұмарлықты, еркіндікті және шығармашылық жағынан өзін-өзі көрсету қабілетін дамыту;
- 4)балалардың мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың білім беру бағдарламаларын игеруіне жағдай жасау;
- 5)тәрбиеленушілердің ата-аналарымен өзара іс-қимыл жасау;
- 6) балаларды еңбекқорлыққа, Отанын, отбасын, табиғатын сүйуге тәрбиелеу
- 7) ерекше білімді қажет ететін балаларды арнайы білім берумен қамтамасыз ету;
- 8)Ата-ана, бала,педагог – үш одақ құру.

## Материальдық –техникалық базаға талдау.

Балабақшаның материалдық-техникалық базасы балалардың жасына сай дамуының ерекшелігін ескере отырып, арнайы жабдықталған ;

- топтық бөлмелер: шешінетін бөлме, ойын бөлмесі, ұйықтайтын бөлме,асхана; -әкімшілік бөлім: меңгеруші бөлмесі, әдіскер бөлмесі,есепші бөлмесі, психолог бөлмесі, шаруашылық бөлмесі;
- медициналық бөлім: медбике бөлмесі, процедуралық бөлме және изолятор;
- кір жуатын бөлме және үтіктейтін бөлме;
- ән күй залы және гимнастикалық жаттығу залы, спорт залы;
- балабақша ауласында спорттық алаң бар.

Балабақша алаңы топтарға бөлінген, әр алаң түрлі ойын –құралдарымен, ойыншықтармен жабдықталып, ағаш, гүл көшеттерімен абаттандырылған. Сонымен қатар спорттық және жазғы концерт алаңы бар.

Құзыреттілігіне байланысты келесі бөліктерге бөлінген:

- ойын алаңы -10 топ;
- экологиялық бөлімі – гүлзарлар,ағаштар, жеміс ағаштары,бау-бақша.
- шаруашылық бөлімі-

Топтық алаңдар СанПиннің талаптарына сай.Әр топтың алаңында кішкентай архитектуралық үлгілер бар (үйшіктер,әткеншек,таушық, құмшықтар т.б). Топтардың ойын алаңдары бір бірінен жасыл гүлзарлармен бөлінген. Жалпы балабақша ауласы 100% гүлдермен, ағаштармен, жеміс ағаштарымен абаттандырылды,алдағы уақытта қосымша жеміс ағаштарын отырғызу және бос алаңға бау-бақшаны үлкейту көзделуде. Барлық бөлмелер қазіргі заманауи құралдармен жабдықталған, музыкалық аспаптар және спорттық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілді. Бүкіл ғимаратқа Wi-Fi интернеті қосылды.Балаларға арналған жиһаздармен, дидактикалық және үстел ойындарымен, түрлі пішінді модульдермен жабдықталды.

## ОҚУ ТӘРБИЕ БАРЫСЫНЫҢ ПРОБЛЕМАЛЫҚ ТАЛДАУЫ

Жаңа әлеуметтік қоғам әсері мен талаптары сай «Думан» МДҰ ұжымы жеке тұлғаның мемлекетінің қызығушылығына сәйкес максатты білім беру мен тәрбие беруді қамтамасыз етуге талпынады. МДҰ Қазақстан Республикасының «Білім беру туралы» Заңына жүгіне отырып, тәрбиелік және дамытушылық жұмыстарымен айналысады,соның ішінде жеке тұлғаны әлеуметтендіру, өзін-өзі ұстау мәдениетті, тұлғааралық қарым-қатынастың үйлесімділігі.

Барлығы балабақшада 54 адам жұмыс жасайды. Оқу тәрбие үрдісін 30 педагог басқарады, солардың ішінде 20 тәрбиеші және мамандар: 2- музыка жетекшісі, 1-психолог, 1- әдіскер және 1- меңгеруші, 2-дене шынықтыру жетекшісі, 1- қазақ тілі мұғалімі, 1-орыс тілі мұғалімі, 1-логопед.

Соның ішінде жұмыс өтілі 20 жылдан астам 2- тәрбиеші, жоспарға сай барлық қызметкерлердің компьютерлік сауаты бар, кәсіптік деңгейін көтеруде, жас деңгейі 25-45 аралығында.

Жылы	Жоғары білімді	Аяқталмаған жоғары	Арнаулы орта
2020-2023	15	0	15
2023-2025	25	0	5

#### Кадрлық әлеуметті біліктілік дәрежесі бойынша талдауы

жыл	Жоғары	Бірінші	Екінші	Санаты жоқ
2020-2023	4	4	11	11
2023-2025	7	10	10	3

МДҰ қызмет жетістігінің нәтижесінің тиімділігінің бірден бір жағдайы педагогтардың үздіксіз кәсіптік өсуінің қажеттілігінде. 2020-2025 жж аралығында 12 педагог аттестациялаудан өтіп, білім деңгейін көтеру жоспарлануда.

## Курстық дайындықты көтеру

жыл	«Өрлеу» БАҰО	ПШО
2020-2023	8	3
2023-2025	5	4

Оқу тәрбие процессін ұйымдастыру мемлекеттік стандартқа сәйкес педагогтың оқу жоспарын, бағдарламаны, тәрбие құралын, түрін, әдісін және баланы оқытуды педагогикалық-психологиялық негізінде сүйене отырып тандауы арқылы құралады. Педагогтын балалармен жұмысының ең басты аспектісі – бұл баланың жанжақты дамуына себеп болатын, оқытудағы интеграциялау және жүргізілетін жұмыстардың түрлілігі.

Мектепке дейінгі мекемеде балалар рухани – патриоттық тұрғыдан білім алып, тәрбиеленуі үшін «Даналық әліппесі» атты әдістемелік құрал және заман талабына лайық оқу –тәрбие үрдісін жүйелі жүргізу үшін инновациялық жаңа технологиялармен «IPAD» планшетниктері, «E-BLOCKS» құралдары да сатып алынып, балаларға базарлық ретінде демеушілер атынан сыйға тартылды. Алдағы оқу жылдарында лицензия сатып алынып бағдарламаларды жаңарту жоспарға кіргізілді.

Мектепке дейінгі білім беру мекемелеріндегі әдістемелік жұмыстың басты мақсаты- бұл педагогтың кәсіптік білімін көтеру болып табылады.

**Әдістемелік жұмыс міндеттері** - мекемедегі педагогикалық озат тәжірибені тарату ,әрбір тәрбиешінің біліктілігін, кәсіби шеберлігін жан- жақты арттыруға бағытталған. Әдістемелік жұмыс педагогикалық ұжымының мүмкіндігінің шамасын дамыту және арттыру, оқу тәрбие жұмысын жетілдіру, нақты тәрбиеленушінің білім, тәрбие алу және даму деңгейіне жеткізу болып табылады.

Өз тәжірибемізден педагогикалық ұжымымызда біздер келесі бағыттарда жұмыс жасаймыз деп жоспарлап отырмыз:

- педагогикалық тапсырмаларды орындау: 4 К моделі, SVOD-анализі, ECERS- E шкаласы, «синквести» технологиясы, менталдық әдіс карталары т.с.с.
- педагогикалық сөзжұмбақ, «аквариум»
- ойын түрлері : рөлдік ойындар, іскерлік ойындар, имитация ойындары
- дискуссиялар: дебат, дөңгелек үстел, пікірталас
- шығармашылық ізденіс тапсырмалары: жобалар, ойын іс әрекеті.
- социологиялық сұрақтар: анкета жүргізу, блиц сұрақтар

- семинар- практикумдар
- кәсіпқойлық іскерлігінің сайыстары
- мастер-класс.

Әдістемелік жұмыс қызметін 3 бағытта бағалау көзделеді: біріншіден- балалар үшін тиімді, екіншіден- ата-аналар үшін тиімділігі, үшіншіден- педагогтар үшін тиімділігі.

**Балалар үшін тиімділігі:**

- білім беру формасының балалардың мүмкіндіктерін ескере отырып күзіреттілігін қалыптастыру;
- баланың өмірін сақтау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты құндылығын қалыптастыру;
- балалармен жеке жұмыс ұйымдастыру.

**Ата-аналар үшін тиімділігі:**

- ата-аналар жағынан МДҰ-ға деген жағымды көзқарасы;
- МДҰ-ға әрқашан көмекке дайын болуы;
- МДҰ арасындағы ата-аналар жұмыс түрлері мен айналысуы туралы ақпараттануы.

**Педагогтар үшін тиімділігі:**

- ұжымдағы психологиялық жағдайының жақсаруы;
- педагогтардың шығармашылық пен инновацияға қызығушылығы;
- педагогтардың өз қызметіне қанағаттануы;
- өз білімін көтеру жүйесін сапалы ұйымдастырылуы;
- жоғары деңгейдегі кәсіптік қызметі.

**Алдағы жылдың болжамы:**

Келесі жылдарда шахмат үйірмесі,балалардың экологиялық мәдениетін, табиғат туралы білімдерін көтеру мақсатында құрылғыларымен «Метеоалаң» ұйымдастырылып, «Экологиялық соқпақтар» құрылу жоспарлануда.

МДҰ-ға баратын балалар бағдарламаны толықтай меңгеріп, диагностика кезінде жоғары нәтиже көрсеткіштеріне жету негізгі мақсаттардың бірі. Баланың даму деңгейі, білімі, қабілеті мен дағдысы кестеде көрсетілгендей болжамдарға қол жеткіземіз деген ойдамыз.

5 жыл аралығындағы оқу тәрбие ісінің көрсетілген нәтежелеріндей болса, оның біраз өскенін қорытындылай аламыз,бұл оқу тәрбие ісінің жеткілікті деңгейде екенін көрсетеді.

МДҰ-ның оқу тәрбие ісі баланың дамуының базалық бағдарламасының сауатты үйлесімділігі және бірнеше адаптивті бағдарламалардың негізінде құрылған.

Педагогтар өз бастамалары бойынша бірнеше адаптивті бағдарламаларды құрастырды және алдағы оқу жылдарында жоба бойынша адаптивті бағдарламалар («Балалар дизайны», «Геймификация», «Медиасауаттылық») құрастыру жоспарлануда.

Әр педагог бағдарламаны құрған кезде баланың жас деңгейі және кейінгі мектепте оқу мүмкіндігін іске асыруды қажет ететін, жеке тұлғаның интеллектуалды және шығармашыл дамуын ынталандыруды, бала қабілетінің жанжақты дамуын қамтамасыз ететін жағдай жасауға қажетті жұмыс жүйесін жасауды алдына мақсат етіп қойды.

Жылдар.	Бағдарлама атауы	Авторлары
2020-2021	<p>«Өнерлі екен он саусақ»</p> <p>«Играя познаем»</p> <p>«Кішкентай тапқырлар»</p> <p>«Балақай мен денсаулық»</p> <p>«Логика мен балақай»</p> <p>«Мальчики и девочки»</p> <p>«Мы друзья природы»</p> <p>«Сикырлы ермексаз»</p> <p>«Волшебный пластилин»</p>	<p>Ұзақбаева С.Б.</p> <p>Өксікбаева А.Д.</p> <p>Кушекеева Н.М.</p> <p>Назарова И.Н.</p> <p>Акилбекова Ж.Е.</p> <p>Шонаева А.М.</p> <p>Дербісалина Г.М.</p> <p>Құрмантаева А.Н.</p> <p>Успанова И.В.</p> <p>Ұзақбаева С.Б.</p> <p>Гречман Н.А.</p> <p>Джанаисова Ж.К.</p> <p>Таухабаева М.А.</p> <p>Әутай Г.М.</p> <p>Гречман Н.А.</p>

Жылдар.	Бағдарлама атауы	Авторлары
2021-2022	«Кел ертегі тыңдайық» «Чудо моторика» «Шеберлер қалашығы» «Логика мен балақай» «Чудеса из бумаги» «Искусство родного края» «Жас суретшілер» «Сикырлы ермексаз» «Новая жизнь ненужных вещей» «Азбука безопасности»	Ишмуратова А.У. Мамырова Г.Ж. Гречман Н.А. Киося В.Н. Дүйісбекова Т.Ғ. Рзагазиева А.М. Дүйісбекова Т.Ғ. Обаева М.С. Назарова И.Н. Кушееева Н.М. Назарова И.Н. Кушееева Н.М. Узакбаева С.Б. Акилбекова Ж.Е. Казмұханбет А.Т. Курмангалиева М.К. Джанаисоова Ж.К. Тлешова С.Т. Джанаисоова Ж.К. Тлешова С.Т.

Біздің МДҰ-да балалардың, ата-аналардың және педагогтардың психологиялық қиындықтарының шешімін табуға көмектесетін психолог қызмет атқарады. Оның жұмысының мақсаты: МДҰ-да жанғажайлы психологиялық ауарайын жасау, тәрбиеленушілермен түзету, дамыту және диагностикалық жұмыстар жүргізу, ата-аналарымен және педагогтармен психологиялық ағарту жұмыстарын жүргізу болып табылады. Педагогикалық ұжымдағы әлеуметтік психологиялық ахуал балабақшаның жемісті жұмысына оң нәтиже беруіне маңызы зор. Бұл мәселе жыл сайын педагогтың әлеуметтік-психологиялық бейімделуін бағалау үшін сауалнама көмегімен зерттеледі.

Бағалау жеті параметр бойынша жүргізіледі: балабақшаға деген көзқарасы, педагог арасындағы қарым-қатынас,

еңбек жағдайларына қанағаттануы, ұжымдағы жағдайға қанағаттану, ұжымға, жұмысқа, балаларға деген көзқарастары.

Нәтижелерді талдай отырып, мектепке дейінгі мекеменің барлық педагогтары өздерінің балаларына және де балабақшаға оң көзқараспен қарайды деп айта аламыз.Әріптестер бір-біріне белсенді көмектеседі, команда мүшелері арасында жақсы қарым-қатынасы бар.Микроклимат өте тұрақты, эмоция толқыны сирек кездеседі.

Қазіргі таңда педагогтың "эмоционалды сарқылуы" мәселесіне көп көңіл бөлініп,жұмыстар жоспарлануда.

## ӘДІСТЕМЕЛІК-БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

МДҰ-да балалармен шынықтыру-сауықтыру жұмыстары жүргізіледі және жалғастыру :

- Барлық топтардағы денешынықтыру бұрышын толықтыру;
- Спортзал (ән-күй залымен біріктірілген): гимнастикалық қабырға, бумалар, стептер, балансирылар, гимнастикалық доптар, түрлі тренажерлар және т.б.
- Барлық топтарда кварцтік шамдармен жасақтау;
- Егу бөлмесін толықтыру ;

Топ тәрбиешілері жыл бойы шынықтыру шараларын өзгерте отырып жүргізеді, сонымен қатар фитокөпшіктер, ароматерапия, аромамедальондарды пайдаланады.

Денсаулығында функционалдық ауытқушылығы бар балаларды сауықтыру үшін дәстүрлі емес және тәжірибеден өткізілген әдістерді қолдану жұмыс жоспары бар. Бұл әдістерге :

- Нүктелі массаж элементтері;
- Балабақшаларға ұсынылған саусақ және артекуляциялық гимнастика;
- А.Стрельникованың тыныс алу және дыбыстық гимнастикасы;
- М. Чистякованың психогимнастика әдісі;
- «Денсаулық жолы» бойынша жүру;
- Әртүрлі массаж құралдарын пайдалану;
- Хатха-йога жаттығуларының элементтері;
- Ароматерапия;
- А. Уманский мен К. Динейкидің жаттығу элементтері;
- Шығыстың у-шу гимнастикасының элементтері.

- шынықтыру-сауықтыру құралдарын толықтыру;
  - құрғақ жүзуге қажетті хауызды толықтыру;
  - массаж бөлмесін ашу;
  - Шағын стадион ашу (жүгіру жолдары, баскетбол аланы т.б.)
- «№ 49 «Думан» МДҰ-ның медициналық кабинеті алғашқы медико-санитарлық көмек көрсетуге құқығы бар  
АК № 10879 DD 13.03.2018 ж мемлекеттік лицензиясы бар.

Жылдары	Науқастық	Қатысым
2020-2023	1,4%	78%
2023-2025	1,7%	85%

**Даму бағдарламасының іс – шаралар жоспары  
(2020– 2025 жылдар)**

**I.Білім беру кеңістігін ұйымдастыру.**

№	Іс – шаралар	Мерзімі	Жауаптылар
1.	«Ел болашағы дені сау ұрпақ»- спорттық мерекелер	2020-2025	Меңгеруші, тәрбиешілер
2.	Рухани байлық – ұлттық тәрбие.	Үнемі	Меңгеруші, тәрбиеші
3.	Жастарды шығармашылықпен жұмыс істеуге бағыттау.	Кестеге қарай	Әдіскер
4.	Педагогикалық қызметкерлердің психологиялық даярлығын күшейту.	Үнемі	Меңгеруші

## II. Ғылыми – әдістемелік және инновациялық қызметті ұйымдастыру.

№	Іс – шаралар	Мерзімі	жауаптылар
1.	Педагогикалық қызметтің статусын көтеру.	Үнемі	Әдіскер
2.	Семинар – практикумдар, кеңес берулер ұйымдастыру.	2020– 2025	Менгеруші
3.	Ашық сабақтар өткізу.	Үнемі	Әдіскер
4.	Оқу үрдісін ақпараттандыру жұмыстарын жүргізу.	Тоқсанына 1 рет	Әдіскер, тәрбиешілер
5.	Эксперименттік алаңдар жұмысына қатысу.	2020-2025	

## III. Әдістемелік кабинеттің жұмыс жоспары.

№	Іс – шаралар	мерзімі	Өтілу әдісі	жауапты
1.	Әдістемелік бұрыштағы хабарламаларды жаңарту. (ҚР Президентінің жолдауы)	Қыркүйек айларында	Стенд дайындау	Әдіскер
2.	Бейімделген бағдарламаларды талдау.	Оқу жылының басында	Теориялық	Әдіскер, шығармашылық топ
3.	М.д.м. балаларымен интеллектуальдық ойындар ұйымдастыру : «Умники и умницы»	Жыл сайын	жарыс	Әдіскер, тәрбиешілер
4.	Эксперименттік жұмыстар нәтижесі .	Мамыр	Кеңес	Әдіскер
5.	Дидактикалық материалдар, үлестірмелі материалдар көрмесі.	Жыл бойы	Хабарлама	Әдіскер, тәрбиешілер
6.	Ертеңгілікке ата-аналарды қатыстыру.	Жыл бойы.	Ертеңгілік	Барлық топ тәрбиешілері
7.	«М.д. бала тәрбиесі жүйесіндегі халық ауыз әдебиеті»- даналық әліппесі бойынша.	Жыл сайын	Ашық сабақ	Біліктілік санатын көтеретін тәрбиешілер
8.	«Путешествие в страну русского языка»	Жыл сайын	Ашық сабақ	Орыс тілі мұғалімі
9.	Балалармен дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстарында жаңа технологияларды қолдану.	Жыл сайын	Кеңес	Барлық топ тәрбиешілері
10.	Қорытынды сабақтар сапасы	Мамыр айларында.	Қорытынды сабақтар	Барлық топ тәрбиешілері
11.	Балалардың білім дағды мониторингін шығару.	Мамыр айларында	Мониторинг	Барлық топ тәрбиешілері

## VI.Ата – аналар қоғамымен жұмыс.

Ата-аналардың оқу-тәрбие үрдісіне қатысуын арттыру мақсатында да қалыптасқан жұмыстар бар. Ата-аналармен ауқымды жұмыстар жүргізілуде, оның ішінде: ата-аналар жиналысы, кеңес берулер, дөңгелек үстелдер, ата-аналарды, ертеңгіліктер, көрмелер, т.б. шараларға тарту т.с.с. Ата-аналар балабақша тынысымен үздіксіз танысып отырады. Оларды баласының сауығу, денсаулығын нығайту, білім алу, тәрбиелену жағдайлары, тәрбиешілердің кәсіби біліктілігі, балабақшаның дамытушылық ортасы қызықтырады.

№	Атқаратын шаралар	Мерзімі	Нысаны	Жауаптылар
1.	Барлық топтың ата-аналар жиналысына қатысу.	Тоқсан сайын	Жиналыс	Тәрбиешілер
2.	Әр жас топ балаларына психологиялық мінездеме.	Тоқсан сайын	Кеңес	Психолог
3.	Ата-аналарға арналған тренингтер.	Тоқсан сайын	Тренинг	Тәрбиешілер
4.	Ата-ана сауаттылығын арттыру	Тоқсан сайын	Кеңес.	Тәрбиешілер
5.	«Армысың, Наурызым» (ата-аналардың қатысуымен).	Жыл сайын	Ертеңгілік	Тәрбиешілер
6.	Салауатты өмір салтын қалыптастыру проблемалары.	Жыл сайын	Дөңгелек үстел	Тәрбиешілер
7.	Бала тәрбиесіндегі ата-ананың ролі «Ана мен бала»	Ақпан айы.	Ток шоу	Тәрбиешілер
8.	«Наурыз аруы,жігіт сұлтаны»	Наурыз айы	байқаулар	Тәрбиешілер
9.	Балалармен сұхбаттасу жүргізу.	Жыл сайын	Әңгімелесу	Тәрбиешілер
10.	« Жас ана » мектебінің клубын құру «Әкелер» мектебін құру.	Наурыз 2021	Дөңгелек үстел	Тәрбиешілер
11.	Алдын -ала тестлеу.	Жыл сайын	Тест	Тәрбиешілер
12.	Ата – аналардың қортынды жиналысы.	Жыл соңында	Жиналыс	Тәрбиешілер

## VII. Баланың денсаулығын күту және қорғау

Мектепке дейінгі жас – тұлғаның дамуындағы, баланың бастапқы әлеуметтенуі алдындағы аса маңызды кезең. Балалардың психологиялық, физикалық денсаулық сақтау және нығайту проблемасы.

<b>Іске асырылып жатқан шаралар</b>	<b>мерзімі</b>	<b>жауапты</b>
Балалардың денсаулығын сақтау мен шынықтыру жұмыстарының барлық түрлерін орындауға тәрбиеші жауапкершілігін арттыру.	Үнемі	Тәрбиеші медбике
Балаларды жаракаттанудан сақтандыру шараларының орындалуын қатаң сақтау.	Үнемі	Тәрбиеші Медбике
Балалардың дене құрылысының дұрыс өсуіне және жалпақ табандылықты болдырмау жұмыстарына көңіл бөлу.	Үнемі	Тәрбиеші медбике
Балалар денсаулығын нығайту, сауықтыру және гигиеналық рәсімдер өткізу үшін жағымды эмоциялық жағдайды қалыптастыру.	Үнемі	Тәрбиеші медбике
Мәдени-гигиеналық дағдыларды жоспарлы және жүйелі түрде жүргізу.	Үнемі	Тәрбиеші медбике
Балалардың үлкендермен өзара қарым-қатынаста мәдениетті мінез-құлық әдеттеріне тәрбиелеу.	Күнделікті	Тәрбиеші
Ауруды азайту мақсатында барлық сақтандыру жұмыстарын жүргізу.	Күнделікті	Көмекші тәрбиеші
Дез.сұйықтықтар мен кварц шамдарын дұрыс қолдануын қадағалау.	Үнемі	Медбике
Баланың дұрыс тамақтануын қамтамасыз ету.	Күнделікті	Медбике
Балалардың профилактикалық егу жұмыстарын уақтылы өткізу.	жоспар бойынша	Медбике
Ата – анаға санбюллетень ұйымдастыру.	Үнемі	Медбике
Балаларға арналған тағамның сапалы болуын бақылау.	Күнделікті	Медбике

### VIII Тәрбие жұмысы

№	Іс шаралар	мерзімі	жауаптылар
1.	Қала, облыс көлеміндегі іс-шараларға қатыстыру	2020-2025	Меңгеруші, әдіскер, муз.жетекшісі, тәрбиешілер, мұғалімдер.
2.	Тақырыптық апталықтар ұйымдастыру.	2020-2025	Меңгеруші, әдіскер, тәрбиешілер.
3.	МДМ тәрбие жұмыстарының деңгейін диагностикалау.	2020-2025	Меңгеруші, әдіскер.

### IX.Әріптестік қызмет

№	Іс шаралар	мерзімі	жауаптылар
1.	Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру.	2020-2025	Меңгеруші, әдіскер, тәрбиешілер, мұғалімдер.
2.	Облыстық «Алақай» қуыршақ театрымен байланыс.	2020-2025	Меңгеруші, әдіскер.
3.	Мәдениет үйімен байланыс	2020-2025	Меңгеруші, әдіскер.
4.	Өлкетану мұражайымен байланыс.	2020-2025	Меңгеруші, әдіскер.
5.	МАЙ қызметкерлерімен жол жүру ережесі бойынша шаралар( сурет бәйгесі, жарыстар тб) өткізу.	2020-2025	Меңгеруші, әдіскер
6.	Төтенше жағдай қызметкерлерімен іс-шаралар жүргізу.	2020-2025	Меңгеруші, әдіскер

### X.Дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстары

№	Іс шаралар	мерзімі	жауаптылар
1.	«Спорт өмір көркі» спорттық сайыс.	2020-2025	Тәрбиешілер
2.	«Толағай» көңілді жарыстар.	2020-2025	Тәрбиешілер
3.	«Ұлттық ойын – асыл қазына» ересек балалармен жарыс.	2020-2025	Тәрбиешілер
4.	«Мы веселые ребята» ортаңғы тобында ойын-жарыстар өткізу.	2020-2025	Тәрбиешілер
5.	Балалардың даму күзiреттiлiгiн диагностикалау.	2020-2025	Әдіскер

## XI. Материалдық техникалық база

<b>Қаржыландыру көздері</b>	Қаржы қоры нормаға сәйкес бюджеттік қаржыландырудан тұрады және сметаға байланысты жұмсалады.
-----------------------------	---

№	Шаралар	2020-2021	2021-2022
1.	Мекеменің даму бағдарламасын құрып, бекіту.	2020ж	
2.	Мектепке дейінгі өмір қауіпсіздігі жоспарын, бағдарламасын жасау.	Жыл сайын	Жыл сайын
3.	Отбасындағы тәрбие туралы ата-аналарға арналған дәрістерді, нұсқауларды жинақтау.	Жыл сайын	Жыл сайын
4.	Топ бөлмелерін жас ерекшеліктеріне сай үлестіру, дидактикалық материал дарымен, көрнекіліктерімен толықтыру	Жыл сайын біртіндеп	Жыл сайын біртіндеп
5.	Топтарды жас ерекшеліктеріне байланысты бөлме гүлдерімен толықтыруды жағдай жасау		2021жыл
6.	Топ бөлмелері мен қабылдау бөлмелеріне кілем сатып алу.		
	Кадрлардың біліктіліктерін арттырудың 2020-2025 жылдарға арналған жоспарын құру.		
7.	Педагогтардың шығармашылығын шыңдау, анықтау мақсатында қалалық, облыстық конкурстар мен семинарларға қатысу.	2020жыл	2025жыл
8.	Педагогтарды аттестациядан өткізудің 2020-2025 жылдарға арналған жоспарын құрып, бекіту.	2022ж	2021ж
9.	Штат кестесіне толық психолог, өзін-өзі тану мұғалімі, қазақ, орыс тілі мұғалімі, дене шынықтыру нұсқаушысын енгізу.	2021	
10.	Орта арнайы білімді мамандарды жоғары оқу	Жыл сайын	Жыл сайын

	орнына насихаттау.		
11.	Мемлекеттік тілде сауатты және іс-тәжірибесі бар мамандарды іздестіру.	Жыл сайын	Жыл сайын
12.	Топтарды ойыншықтармен жабдықтау	Жыл сайын	Жыл сайын
13.	Балалардың қызығушылықтарына және бейіміне байланысты балабақша топтарын топшаларға бөліп вариатив-тік жұмыс жоспарларын жүргізу.	Жыл сайын	Жыл сайын
14.	Топтарға шаңсорғыштар сатып алу.		Жыл сайын
	Балаға тамақ үстелдерін сатып алу.	2022	
16.	Барлық топтарда ЛД лампаларын ауыстыру.		2025
17.	Ересек топтарды жиһаздармен қамтамасыз ету.		
18.	Ыдыс-аяқ, асхана құралдарымен, жиһаздарымен қамтамасыз ету.		2023ж
19.	Балаларды 3 дана төсек орынмен қамтамасыз ету, ауыстыру		2022ж
20.	Қоршаулардың сынған, бұзылған бөліктерін жасау.		2023ж
21.	Балабақша ауласын безендіру, абаттандыру.	Жыл сайын	Жыл сайын
22.	Жабдыктарды жөндеуден өткізу: тоназытқыш, принтер, компьютер, электроплита.		2023ж
23.	Кір жуу бөлмесін, асхана бөлмесін, дәретханасын ағымдағы жөндеуден өткізу.	2021ж	
24.	Балабақшаға шөпшапқыш, префератор, қар тазалағыш сатып алу.		2023ж
25.	Аула қоршауларын сырлау.		
26.	Балалар ойын алаңына құм төсеу.	Жыл сайын	Жыл сайын
27.	Терезе перделерін жалюздерге алмастыру.		2023ж
28.	Аквтокөлікке жөндеу жұмыстарын жүргізу	Жыл сайын	Жыл сайын
29.	Кабинеттерді жиһаздармен қамтамасыз ету.	Жыл сайын біртіндеп	Жыл сайын біртіндеп
30.	Медициналық кабинетті дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету.	Жыл сайын біртіндеп	Жыл сайын біртіндеп
31.	Компьютерлер алу.		2022жыл

## 2020-2025 ЖЖ ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫН ІСКЕ АСЫРУДЫҢ КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕРІ

Бағдарламаның толық ауқымды іске асырылуы, сондай-ақ жинақталған тәжірибесі негізінде оның түзетілуі басталады.

- 3 жастан бастап мектепке дейінгі білімді міндетті түрде алуға көшу негізінде мектепке дейінгі тәрбие мен білімнің жалпыға бірдей қол жетімді болуына жағдай жасалады.
  - Мектепке дейінгі мекемелерде өзін-өзі аттестациялаудан және аттестациядан өту.
  - МДҰ-ның педагогтарының көмегімен әдістемелік ұсыныстар, нұсқаулықтар, тәжірибені жалпылау және нәтижелердің талдауларын дайындау.
  - Иновациялық мазмұнымен оқу –тәрбие үдерісінің технологияларын әзірлеу және толтыру, ұжымды инновациялық режимде жұмыс жасауға ынталандыру жоспарын дайындау.
  - Баланың әлеуметтік-психологиялық дамуын бірінғай кеңестікпен қамтамасыз ету ол өзара оқу іс- әрекет интеграциясы негізінде құрылған: бала-тәрбиеші-ата-ана.
  - оқу - тәрбие процессін жүзеге асыру үшін мониторинг, тиімділік өлшемдерін жүзеге асыру.
  - балалардың толық физикалық және эстетикалық, танымдық және әлеуметтік дамуы үшін оңтайлы жағдай жасау.
  - МДҰ-ның материалдық-техникалық базасын жаңарту.
- Дамыту бағдарламасын жүзеге асыру нәтижесінде 2025 жылға дейін «№49 «Думан» бөбекжай-балабақшасы қалыптасқан және тиімді білім беру мектепке дейінгі жүйесінде жұмыс істейтін болады.